«Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық – ресурс орталығы жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік маңызы бар жобасы бойынша жылдық

ҚОРЫТЫНДЫ АҚПАРАТ

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық – ресурстық орталығы» қоғамдық қорымен 2021 жылдың 30 наурыздағы жасалған №51 келісім-шартына сәйкес **«Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық – ресурс орталығы жұмысын ұйымдастыру»** әлеуметтік маңызы бар жобасы жүзеге асып жатыр. Жоба бойынша ҮЕҰ-ға қазіргі таңға дейін оқыту семинарлары, кездесулер, дөңгелек үстел, облыстық конкурс ұйымдастырылып және техникалық ерекшелікке сәйкес әдістемелік құралдар шығарылды.

«Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық – ресурс орталығы жұмысын ұйымдастыру» жобасы аясында атқарылған шаралар:

- Қызылорда облысының аудандарында және Қызылорда қаласында – **«Мемлекеттік сатып алу веб порталында жұмыс жасау»** тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Іс - шара барысында ҮЕҰ-на ҮЕҰ-дың базасына уақытылы жылдық есепті тапсыру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға құжаттама ұсыну туралы түсіндірілді. Оқыту семинарын «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының Президенті – Аликулов Адил Садикулович жүргізді. Семинарға 200-ден аса ҮЕҰ-дар, ынталы топ өкілдері, жастар қатысты. Іс – шара соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар берілді.
- Қызылорда облысының аудандарында және Қызылорда қаласында – **«Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру, қызметін дамыту»** тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді. Кездесуді «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі, заң ғылымдарының магистрі, «Самұрық» ИИДО» ҚҚ директоры Тұсмағамбетов Жандос Бектайұлы жүргізді. Семинарға 200-ден аса ҮЕҰ-дар, ынталы топ өкілдері, жастар қатысты.
- Қызылорда облысының аудандарында– **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет»** тақырыбында кездесулер өткізілді. Іс - шара барысында ҮЕҰ-на жемқорлық фактілері орын алған кезде тиісті органдарға хабарласуға кеңес берілді. Кездесуді «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі, заң ғылымдарының магистрі, «Самұрық» ИИДО» ҚҚ директоры Тұсмағамбетов Жандос Бектайұлы жүргізді. Кездесулерге 100-ден аса ҮЕҰ-дар, ынталы топ өкілдері, жастар қатысты.
- 150 дана **«Мемлекеттік сатып алу туралы»** және 150 дана **«Коммерциялық емес ұйымдар туралы және оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы»** әдістемелік нұсқаулықтар басылып шығарылды. Жыл басынан іс-шаралар онлайн форматта өткізілгеннен, әдістемелік құралдар таратылуға жатпай, Облыстық ішкі саясат басқармасына акт бойыша тапсырылды.
- Облыстық «Үздік ҮЕҰ» және «Үздік әлеуметтік жоба» байқауы ұйымдастырылып, облыс ҮЕҰ-ы гранттарға иеленіп, салтанатты марапаттауға қатысты. Комиссия қорытындысы бойынша келесі орындар анықталды:

- Бас жүлде – «Көкжиек» қоғамдық қоры, Турбаева Аймен Сексенбайқызы, Қызылорда қ., Тасбөгет кенті;
- I орын – «Аңсаған» МШБ» қоғамдық бірлестігі, Раймбаева Бақытқүл Қартайқызы, Қармақшы ауданы;,
- II орын – «Ару ана» қоғамдық бірлестігі, Сарымсақова Раушан Төлеткызы, Қызылорда қаласы;
- III орын – «Темірқазық» жастар қоғамдық бірлестігі, Табынбай Ақнұр, Жалағаш ауданы.

30 қараша күні – жылдық қорытынды бойынша Баспасөз конференциясы берілді.

Жыл басынан бері ҮЕҰ-ға арналған құқықтық, ақпараттық, ҮЕҰ-ның институциялды потенциялын көтеру мақсатында арнайы кеңес беру журналы жүргізіліп келді. Атап айтар болсақ, салық есебін тапсыру, әлеуметтік жоба бойынша кеңес алу, порталмен жұмыс жасау, базаға тіркелу, заңгерлік кеңес беру, ҮЕҰ ашу және жабу, іс – қағаздармен жұмыс жүргізу, программамен жұмыс жүргізуді үйрену, қаржы тарту, құқықтық, бухгалтерлік есептілік, мемлекеттік тапсырысқа қатысу және т.б.

Кеңес беру Қызылорда қаласы, Облыстық ҮЕҰ-ға арналған ақпараттық – ресурс орталығында жүргізілді.

Қор Президенті **А. Аликулов**